

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақмола облысы

№090340005863/180137/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын, жарғы негізінде әрекет ететін Бас дәрігер Сембиев Сандибек Курманғалиевич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ЖК "КОПЫЛОВА Т. О." - Копылова Татьяна Олеговна, жеке кәсіпкер куәлігі 10915 Серия нөмері 0147488 25.12.2011 жыл мекеме негізінде әрекет ететін бастығы Копылова Татьяна Олеговна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, Решение о проведении государственных закупок «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізімі (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 203 300.00 (екі жүз үш мың үш жүз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 21 782.14 тенге (жиырма бір мың жеті жүз сексен екі тенге он төрт тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару қаржыландыру жоспарына сәйкес арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар



- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);
- 5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;
- 6) Бюджеттік бағдарламаның атауы: 067-бағдарлама «Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы 100 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін төлеу үшін әлеуметтік сақтандыруды сақтандыру қорына аудару» ерекшелігі 149 Басқа тауарларды сатып алу

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;
- 2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;
- 4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;
- 5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;
- 6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.



8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген



стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 1;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе Тауардың техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде түпнұсқа немесе көшірме не уәкілетті ұйым бекіткен «СТ-KZ» тауардың шығарылуы туралы сертификат немесе Сәйкестік сертификаты / белгіленген тәртіпте берілген Тауар сәйкестігі туралы декларация беріледі. Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда түпнұсқасы немесе белгіленген тәртіпте шығарылған елінің тиісті органы берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі беріледі. Осы тармақшаның талаптары мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады, оның құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген бесжүз айлық есептік көрсеткіштен асады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар



Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетініне (МЕМСТ, СТ, ЖСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.);

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 3 кун күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың



жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2018-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы



туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісінің анықтауы;

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша



дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бқөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы
жанындағы "Аршалы орталық аудандық
ауруханасы" шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорын
Акмолинская область, Аршалынский район,
Аршалынская п.а., п.Аршалы, Ташенова, 2
БСН 090340005863
БСК HSBKZKX
ЖСК KZ986010111000195675
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 87164421668
Бас дәрігер Сембиев Сандибек
Курмангалиевич

Өнім беруші:

ЖК "КОПЫЛОВА Т. О." - Копылова Татьяна
Олеговна
г.Астана, район "Алматы", мкр. Аль-Фараби,
43, 63
БСН/ЖСН 820403451250
БСК TSESKZKA
ЖСК KZ26998ВТВ0000085075
"Цеснабанк" АҚ
Тел.: 87172997153
бастығы Копылова Татьяна Олеговна



Абревиатураларды таратып жазу:
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

| Лоттың № | Тапсырыс беруші атауы | Атауы | Қысқа сипаттама | Қосымша сипаттама | Өлшем бірлік | Саны, көлемі | Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге | Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Жеткізу орындар | Аванс төлемінің мөлшері %, % | Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге |
|----------|---|-------|--|--|--------------|--------------|--|---|--|---|------------------------------|-------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Білік | карданды, арнайы және мамандандырылған техника үшін, артқы | АДС Вал карданный передний 3741 5ст. 33036-2203010-10 (12) | Дана | 1 | 27 500.00 | шартқа қол қойылғаннан кейін 15 күнтізбелік күннен кем емес | шартқа қол қойылғаннан кейін 15 күнтізбелік күннен кем емес | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы, Арашлынский ауданы, Аршалы кенті, Тәшенов көшесі, 2 (1) | 0 | 27 500.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|-----------------|---|-------------------------------------|------|------|--------|--|--|--|---|---------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Рукав | резинový, с текстильным каркасом, напорный, тип В-2-32, неармированный, внутренний диаметр 32 мм, ГОСТ 18698-79 | Жеңдер қысымы 8 * 15-0.98 (бензин), | Метр | 11.5 | 600.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (11.5) | 0 | 6900.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Гофра воздушная | жеңіл автомобиль үшін | Бензин сорғысы инжекторы | Дана | 2 | 400.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (2) | 0 | 800.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|--------|--|---|------|---|--------|--|--|---|---|--------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Фильтр | топливный, для специальных автомобилей с карбюраторными двигателями внутреннего сгорания | Сүзгі отыны Grid el Benzzonasos 2110 ESM stp. | Дана | 1 | 300.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 300.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Кран | сливной, для системы охлаждения, для легкового автомобиля | ADF кранның радиаторлық краны 420.51-1305040 (ПС7-2), | Дана | 1 | 800.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 800.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|------------------------------|---------------------------|---|------|---|----------|--|--|---|---|----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Автомобильге арналған қымтақ | оқшаулауға арналған | Силант Red 705.705 ELRING | Дана | 1 | 2 300.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 2 300.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Трос | жеңіл автокөлік үшін, газ | УАЗ ашық акционерлік қоғамы UAZ-220695 (409 двт.-Еуро-3 инжектор) газдық кабелі 2 м.2206-95-1108050 | Дана | 2 | 1 000.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (2) | 0 | 2 000.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|--------------------|---|---|----------|---|-----------|--|--|---|---|-----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Комплект ремонтный | бензосорғыш, арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін | СОАТЭ Электрлік су асты суға бататын сорғы Гз 405, 4216 дв. 515-1139-12 | Комплект | 1 | 21 500.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 21 500.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Катушка | системы зажигания, для специального и специализированного автомобиля, с замкнутым магнитопроводом | СОАТЭ Ignition coil Ing. 2111-3705010-03, | Дана | 1 | 5 500.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 5 500.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|--------------------------------|--|---|------|---|----------|--|--|---|---|----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Датчик распределительного вала | жеңіл автомобиль үшін | ZMZ датчигі жағдайы / білігі 406 dv (синхрондау) Pegas 406-3847060-01 | Дана | 1 | 3 500.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 3 500.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Лампа подкапотная | арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін | Шам галоген болып табылады. Н-4 бастау кернеуі | Дана | 2 | 700.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (2) | 0 | 1 400.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|--------------------------------|---|---|----------|---|----------|--|--|---|---|----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Төсемелер жиынтығы | көпірге арналған, жеңіл автомобиль үшін, жинақтылықта жартылай осьтің төсемелері, алдыңғы және артқы көпір қартері қақпағының төсемелері, жетек тегершіктің мойынтіректері қақпағының төсемесі, бұрылу құлағының төсемелері | Елді қаптау. бензин сорғы 3111-1101022 | Комплект | 1 | 200.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 200.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Датчик распределительного вала | жеңіл автомобиль үшін | ZMZ сенсор позициясы 406 дв. (фазалар) 406-00-3847050-006 Pegasus | Дана | 1 | 3 500.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 3 500.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|----------|--|---|------|---|----------|--|--|---|---|----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Патрубок | радиатора, для специализированного автомобиля, рверхний подводящий | GAS радиатор қосылымдары Gz-Business Euro-3 4216 dv. Балаково | Дана | 1 | 2 000.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 2 000.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Изолента | хлопчатобумажная, односторонняя, ГОСТ 2162-97 | PVC GLOBE 19mm-18yds қара оқшаулағыш таспа | Дана | 1 | 300.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 300.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|--------------------|---|---------------------------|------|---|--------|--|--|---|---|--------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Қозғалмайтын қамыт | гидравликалық кілттің кедергіші жетегінің үлестіру клапанына арналған | Қысқыш «Норма» (35-50мм), | Дана | 4 | 200.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (4) | 0 | 800.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Қозғалмайтын қамыт | гидравликалық кілттің кедергіші жетегінің үлестіру клапанына арналған | Қысқыш «Норма» (08-16мм), | Дана | 2 | 175.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (2) | 0 | 350.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|----------|---|---------------------------------------|------|---|-----------|--|--|---|---|-----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Помпа | для дизельного двигателя, топливopодкачивающего насоса | Luzar Pomp Gz 402 дв. LWP0302 | Дана | 1 | 10 000.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 10 000.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Патрубок | радиатора, для специализированного автомобиля, нижний отводящий | Филиал құбыры төмен Газ-53 53-1303025 | Дана | 1 | 1 200.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 1 200.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|--------------------|---|--|------|---|----------|--|--|---|---|----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Патрубок | радиатора, для специализированного автомобиля, рверхний подводящий | Жоғарғы бөлім ГАЗ-53 53-1303010-12 | Дана | 1 | 1 000.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 1 000.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Қозғалмайтын қамыт | гидравликалық кілттің кедергіші жетегінің үлестіру клапанына арналған | Қысқыш «Норма» (40-60мм), | Дана | 2 | 200.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (2) | 0 | 400.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|----------------------------|--|--|------|---|----------|--|--|---|---|----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Насос топливоподкачивающий | компрессор үшін | SINIEHAN Қосымша помпа 18 мм.Гц Kizlyar TRUCKMAN, | Дана | 1 | 4 200.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 4 200.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Термостат | арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін | Термостат 87 'S Gz Elekton T117-1306100-04 | Дана | 1 | 2 100.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 2 100.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|-------------|--|---|------|-----|--------|--|--|---|---|----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Уплотнитель | жеңіл автомобиль үшін | ZMZ термостатының тығыздығы 402 дв.Велкон 402-1306155 | Метр | 1 | 400.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.ә., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 400.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Рукав | резиновый, с текстильным каркасом, напорный, тип В-2-32, неармированный, внутренний диаметр 32 мм, ГОСТ 18698-79 | Жеңдер қысымы басы 18ВГА-1,0 «БЦ», | Метр | 2.5 | 900.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.ә., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (2.5) | 0 | 2 250.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|-----------|--|--|------|---|----------|--|--|---|---|----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Прокладка | аралық белдіктің артқы мойынтірегінің қақпағының төсеніші, жеңіл автомобиль үшін | BATE Bendix 402 б.т. кіші 42,370,800 | Дана | 1 | 5 000.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 5 000.00 |
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Реле | для легкового автомобиля, зарядки | Зарядтау релесі Гз ЩДР-881.37 ПРАМО, ISKRA | Дана | 1 | 1 600.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 1 600.00 |



| | | | | | | | | | | | |
|---|--------|---|---|------|---|----------|--|--|---|---|----------|
| Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Аршалы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын | Реле | для легкового автомобиля, зарядки | Калуга Гз зарядтау релесі 57.3702 K1216EN1P | Дана | 1 | 2 000.00 | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін кемінде 15 күнтізбелік күн | Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы к.э., Аршалы к. 020200, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы Ташенов көшесі, 2 (1) | 0 | 2 000.00 |
